




**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№29 «Арай»
бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынының өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Ақтөбе қаласы -2023 ж

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№29 «Арай» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы бұйрығына сәйкес №29 «Арай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК өзін-өзі бағалаудан өткізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

I. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет



1) Мекеменің толық атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№29 «Арай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): 030006 Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Алматы ауданы, Құрайлы тұрғын алабы Жеңіс көшесі 13 ү.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электронды пошта, вебсайт): 8(7132)980755, doarai@mail.kz, инстаграмм 29_arai , вебсайт: <https://29-aray.balabagwasy.kz/sobytiya/>

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Ещанова Тарбия Сейтжановна. 20.12.2021жылы №361 Ақтөбе қаласының білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтайшылық:

Кәсіпорынның құрылтайшысы «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» болып табылады. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу анықтамасы БСН: №060740003387 берілген уақыты: 27.07.2022 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған 8 қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон).

№KZ83XXX00007921 күні: 13.02.2015ж.

7) Мектепке дейінгі мекеменің меншік иесі құқығына иелік ететін құжаты бар. Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі 02-036-163-916 Жалпы алаң: 1368. Жер учаскесінің алаңы: 0,5760га. Мектепке дейінгі ұйымның ғимараты автономдық жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыстық сумен толық қамтамасыз етілген.

2022 жылдың 12 желтоқсаннан бастап санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысы № D.04.X.KZ96VWF00084081 Берілген қорытынды: Мектепке дейінгі

ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Мектепке дейінгі ұйымның санитариялық ережелер мен гигиеналық нормативтерге сай. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық-эпидемиологиялық өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі ұйымның ішкі және сыртқы келбеті СанЕмН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшада толыққанды жұмыс жақсы жүргізілген. Мекеменің қауіпті жағдайларда эвакуациялау жоспары ғимарат ішінде белгіленген. Жұмысқа жаңа қабылданған қызметкерлерге алғашқы кіріспе нұсқаулықтар оқылады. Әрбір тоқсан сайын қызметкерлермен қауіпсіздік нұсқаулықтарды сақтау туралы кеңес өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен қызметкерлердің жаракаттануы тіркелмеген. Мекемеде өрт қауіпсіздігі жөнінде, еңбек қауіпсіздігі жөнінде, балалардың өмір қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жөнінде нұсқаулықтардың барлығы бар, құжаттары талапқа сай жүргізілген.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

№29 «Арай» бөбекжай-балабақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан-жақты оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Бөбекжай-балабақшасы әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Бөбекжай-балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырылады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, музыка орталығы бар. Балабақшада 4 компьютер, 4 принтер 3 сканер, 3 ксерокөшірме аппараты, экран, 1 ламинат, 1 переплет аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтар, жиһаздар және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай бес білім беру дағдылары бойынша безендірілген.

Бөбекжай-балабақшада қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, мұздатқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме, асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай. Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жаракаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ас әзірлейтін бөлме - 49,9 ш/м, 2-электроплита, 2-пеш (ішінде), 2-мұздатқыш, 2-тоңазтқыш, 2-электр ет тартқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас үйде 2 аспазшы, шаруашылық меңгерушісі жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сақтайтын қойма 2 бөлмеден тұрады. Өнімдер сертификаттары талапқа сай жинақталған. Өнімдерді тіркейтін кіріс-шығыс журналдары жүргізіледі.



Бөбекжай-балабақша медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, арнайы кабинет бар. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме толық жабдықталған. Медициналық кабинет екі бөлмеден тұрады: 1) Медбикелердің жұмыс орыны Медбикелердің медициналық арнаулы білімдері, медициналық білім қызметіне сертификаттары бар. Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығаюына көңіл бөледі.

Бөбекжай-балабақшада материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Әр топтың өз ойын алаңы бар, ойын алаңдарын жабдықталған.



Мемлекеттік мекеменің материалдық-техникалық жағдайын жақсарту жұмыстары мемлекеттік сатып алу Заңына сәйкес жүргізіледі.

Бөбекжай-балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, психолог кабинеті, медициналық кабинеттері талапқа сай жабдықталған.

Музыка залы



Медициналық кабинет



2. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – УОЖ) талаптарына сәйкестігі;

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

2022-2023 оқу жылдары 03.08.2022 жылғы №348 бұйрығы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты», №557 бұйрығы 2-қосымша, 3-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 жылғы №394 бұйрығы негізге ала отырып құрылды. Бөбекжай-балабақшаның 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген.

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес №29 «Арай» бөбекжай - балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Оқу жылының ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған.

Ағымдағы оқу жылындағы перспективтік жоспар «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығын (бұдан әрі-Бұйрық) басшылыққа алып құрылған.

Перспективті жұмыс жоспарлары тәрбиеленушілерге арналып үлгілік бағдарламаға сәйкес құрылған. Сағат сандары оқу жұмыс жоспарларына, алынған балалардың жас ерекшелігіне, апталық жүктемелерге сәйкес. Күн тәртібі талапқа сәйкес 10,5 сағатқа арналып құрылған, күн тәртібі бойынша балабақша сағат 8.00-ден 18.30 ға дейінгі аралықта қызмет көрсетеді.

2022-2023 оқу жылдарына барлық топтардың циклограммалары тексерілді. Циклограммалар перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылған: балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған іс-әрекет, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық процестердің орындалуын қамтамасыз етіп құрылған

Ұйымдастырылған іс-әрекеті жасақталып жүзеге асырылады.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

2022-2023 оқу жылында бөбекжай-бақшасында 6 топ жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығына-қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: *«Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылды.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары негізінде бөбекжай-балабақша 2022-2023 оқу жылына арналған штаттық кесте жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіледі.

№	Лауазымдардың атауы	Үлгілік штаттық кестеге сәйкес	ББ-нің бекітілген штаттық кесте бойынша(ш.б)
1	Меңгеруші	1	1

2	Әдіскер	0,5	0,5
3	Педагог-психолог	0,5	0,5
4	Тәрбиеші	4 топ * 2,25 = 9	4топ * 2,25 = 9
5	Музыка жетекшісі	1,0	1,0

Білімі, мамандығы және біліктілік снаттары бойынша

№29 «Арай» бөбекжай-бақшасында жұмыс жасайтын 11 педагог. (менгеруші –1, әдіскер-1, тәрбиеші-8, музыка жетекшісі-1)

Біліктілік арттыру курсынан өтуі бойынша

№	Педагогтар саны	ПШО (ЦПМ)	«Өрлеу» АҚ БАҰО филиал	Басқа
1	11	3	10	1

Барлығы 11 педагог бейін бойынша біліктілік арттыру курсынан уақытылы өтті.

№	ТАЖ	Туған күні айы жылы	Білімі аяқтаған оқу орны және жылы	Диплом бойынша мамандығы	Санат ы бойы нша	Лауазымы, санаты
1	Ещанова Тарбия Сейтжановна	21.11.1970ж	жоғары С.Бәйішев универ. 2013 жыл	Бастауышта оқыту педагогикас ы мен әдістемесі	Жоға ры санат	менгеруші жоғары санатты
2	Жанбаева Зада Танатаровна	30.03.1987ж	Қ.Жұбанова АәМУ 2014 жыл	Педагогика- психология	жоқ	Әдіскер- психолог
3	Картабекова Карашаш Коркитовна	13.02.1974ж	АГКП	Мектепке дейінгі тәрбие	1 санат ты	Тәрбиеші
4	Тұқжымова Нұрслу Сермағанбетқызы	17.04.1979ж	БҚИГУ	Мектепке дейінгі тәрбие	Педаг ог- модер атор	Тәрбиеші
5	Абдушева Айгул Уралбаевна	26.10.1980ж	АГКП	Мектепке дейінгі тәрбие	жоқ	Тәрбиеші
6	Избасарова Малика Оралбаевна	02.07.1999ж	Болашақ колледжі	Мектепке дейінгі тәрбие	жоқ	Тәрбиеші
7	Сатыбалдиева Айсамал Ақболатқызы	14.01.1994ж	Қ.Жұбанова АәМУ	Мектепке дейінгі тәрбие	Педаг ог- модер атор	Тәрбиеші
8	Ешжанова Жанар Сағынышовна	30.12.1979ж	КазИТУ	Мектепке дейінгі тәрбие	жоқ	Тәрбиеші

9	Махсетова Әсел Жетесқызы	29.04.2000ж	АГК	Мектепке дейінгі тәрбие	жоқ	Тәрбиеші
10	Абек Шынар Айбекқызы	08.06.1992ж	АГК	Музыка пәні мұғалімі	жоқ	Музыка жетекшісі
11	Куспанова Аянгул Сатибекқызы	28.11.1981ж	«Рауан» көпсалалы колледжі	Мектепке дейінгі тәрбие	жоқ	Тәрбиеші

Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету

«Мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз ету "Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13272 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз етіледі. Заттық-кеңістіктік дамушы орта баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз етіледі. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры жеткілікті деңгейде.

Тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Бөбекжай-балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтарылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер А3 форматында салынған, эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Оқу жылдары	Әдістемелік әдебиеттер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны	Жұмыс, дәптерлері, үлестірмелі материалдар	Журналдар
2022-2023	58	20	156	35

Бөбекжай-балабақшасының топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, аудандық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды, бірнеше педагог облыс көлімінде өзінің әдістемелік құралдарын шығарды.

Сонымен қатар бөбекжай-балабақша педагогтары іс-тәжірибе алмастыру үшін өздерінің құрастырған әдістемелік құрал және электронды ортасы бар.

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындауда 2022-2023 оқу жылдарында №29 «Арай» бөбекжай- балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ.

4) баланың жеке даму мониторингін және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болуын қамтамасыз ететін мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің оқу нәтижелерінің болуы:

Бағалау кезеңіндегі талдауға арналған құжаттар: мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің жеке даму жоспарларының (карталарының) көшірмелері, олар

болмаған жағдайда, ересек жастағы тәрбиеленушілердің жоспарларының (карталарының) көшірмелері, мектепалды даярлық топтарының тізімі.

Бөбекжай-балабақшаның 2022-2023 оқу жылдарында мектепалды 1 топ жасақталған.

Мектепалды тобының тәрбиеленушілерінің дамуын бақылау баланың жеке дамуының жоспарлары (карталары) мониторинг негізінде жүзеге асырылып, жеке даму карталары бастапқы, аралық, қорытынды мониторинг бойынша барлық тәрбиеленушілерге толтырылды. Жеке даму жоспарлары (карталары) негізінде баланың дамуын бақылау жүзеге тоқтаусыз жұмыстанады. Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасы баланың мектепке дейінгі ұйымда барлық уақытына жүргізіліп отырады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтар мен мамандар толтырып отырады. Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындалды. Соңғы төрт жылдың оқу жылдарында баланы қолдау, оның білім траекториясын құру немесе оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке тұлғалық бағыт қағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендендіру жұмыстары орын алып отырды.

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) болуы және нәтижелерін талдау.

2022-2023 оқу жылдарының ортаңғы, ересек, мектепалды топ тәрбиеленушілерінің бастапқы даму мониторингін жүргізіліп нәтижелері шығарылды.

Осы оқу жылында барлығы 110 тәрбиеленушіге жасалынған.

Тәрбиеленушілердің бастапқы мониторингі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жасақталған. Нәтижесінде төмендегідей деңгейде балалардың үлесі анықталды.

Бастапқы	Бала саны-110
Жоғары	84,2 %
Орташа	15,7%
Төмен	0,0 %

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

2022-2023 оқу жылының ортаңғы, ересек, мектепалды топтар бойынша қорытынды мониторинг жиынтық есебі:

Тәрбиеленушілердің қорытынды мониторингі балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жасақталған. Нәтижесінде төмендегідей деңгейде балалардың үлесі анықталды.

Қорытынды	Бала саны -110
Жоғары	91,8 %
Орташа	5,9 %
Төмен	2,3 %

3.Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы.

2022-2023 оқу жылында ортаңғы, ересек, мектепалды топтары үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлу, мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде бағдарламада айқындалған сөздік

минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлу жұмыстары бөбекжай-балабақшада оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырылады.

4. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

1) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша 4-тарау, 25-тармағына сәйкес жас топтарын қалыптастыру жүргізіледі. Контингент бойынша 2022-2023 оқу жылында «Балапан» ортаңғы тобында-24 тәрбиеленуші, «Ертегілер» ортаңғы тобында- 26 тәрбиеленуші, «Гүлдер» ортаңғы тобында-33 тәрбиеленуші, «Аққайын» мектепалды тобында-27 тәрбиеленуші. Барлығы 110 тәрбиеленуші. Тәрбиеленушілердің жас кезеңдері жас топтарына сәйкес келеді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

2022-2023 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру талаптарының сақталды. Бөбекжай-балабақшасына қабылданған, шығарылған және топтан-топқа ауысқан бұйрықтары шығарылып, бекітіліп отырады. Тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейінгі бұйрықтар толық жазылған. Балалар қозғалысы журналы, келсім-шарт тіркеу журналы талапқа сай. Жасына қарай қағидаты бойынша топтарға бөлінеді. Балабақша және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі.

Ұсыныстар:

1. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Дене шынықтыру ҰОҚ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
3. Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Бөбекжай-балабақшасының басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия №29 «Арай» бөбекжай-балабақшасында өткен өзін-өзі бағалауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. № 29 «Арай» бөбекжай-балабақшасы мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

№ 29 «Арай» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:



Т.С Ещанова

Комиссия мүшелері:

№ 29 «Арай» бөбекжай-
балабақшасының әдіскері:



З.Т Жанбаева

№29 «Арай» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:



К.К Картабекова

№29 «Балақай» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:



Ә.Ж Махсетова

№ 29 «Арай» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:



Н.С Тұқжымова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ
ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АҚТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ
«№29 «АРАЙ» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚША
МКҚК

030013, Ақтөбе қаласы, Құрайлы селосы
факс: 8(7132)980755, e-mail: doarai@mail.ru



МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ
И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТӨБЕ
ГККП «ЯСЛИ - САД» №29 «АРАЙ»

Жеңіс к-сі №13 030013, город Актөбе, село Құрайлы ул
Жеңіс №13 факс: 8(7132)980755, e-mail: doarai@mail.ru

Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№29 «Арай» бөбекжай - балабақшасы

Ақтөбе қаласы

«31» 05. 2023 жыл

Бұйрық № 40/1

**Бөбекжай-балабақшаны өзін-өзі
бағалаудан өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы
№ 486 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында бағалау өлшемшарттарын
бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. № 29 «Арай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК 2023 жылдың 31.05-02.06 аралығында өзін-өзі бағалау өткізсін;
2. Өзін-өзі бағалауға комиссия құрамы бекітілсін;
3. 2022-2023 оқу жылының өзін-өзі бағалауы өткізілсін;
4. Комиссиясының жұмыс қорытындысы 2023 жылдың 5 маусым айында балабақша интернет-ресурстарына орналастырсын;
5. Орналастырылғын материалдар сілтемесін Ақтөбе облысы Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын;
6. Осы бұйрықты қадағалауды өзіме қалдырамын.

№ 29 «Арай» бөбекжай-балабақша меңгерушісі : 




Т.С Ешанова

№29 «Арай» бөбекжай-балабақшасының
2023 жылғы 31 мамырдағы
№ 40/1 бұйрығына
1 қосымша

Бөбекжай-балабақшадағы өзін-өзі бағалау комиссиясы келесі құрамда бекітілсін:

1. Ещанова Тарбия Сейтжановна - № 29 «Арай» бөбекжай-балабақша меңгерушісі, комиссия төрайымы
2. Жанбаева Зада Таатаровна – №29 «Арай» бөбекжай-балабақша әдіскері, комиссия мүшесі
3. Картабекова Карашаш Коркитовна – №29 «Арай» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
4. Махсетова Әсел Жетесқызы – №29 «Арай» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі комиссия мүшесі
5. Тұқжымова Нұрслу Сермағанбетовна – №29 «Арай» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі «Педагог-модератор», комиссия мүшесі
6. Осы бұйрықтың орындалуын және уақытында жүргізілуін қадағалауды өзіме қалдырамын.

Таныстым:

- | | |
|------------------------------|--|
| 1. Ещанова Т.С. меңгерушісі |  |
| 2. Картабекова К.К. тәрбиеші |  |
| 3. Махсетова А.М. тәрбиеші |  |
| 4. Тұқжымова Н.С. тәрбиеші |  |
| 5. Жанбаева З.Т. әдіскер |  |